


kids



Жинақы
балалар камерасы
DEXP
Kid's Cam

Мазмұны

Сақтық шаралары	4
Құрылғының схемасы	5
Құрылғымен жұмыс істеу	6
Қосу/сөндіру	6
SD картасын орнату	6
Фототүсіру	6
Видеотүсіру	7
Жаңғырту режимі	7
Теңшелімдер	7
Батареяны зарядтау	7
Теңшелімдерді арылту	7
Техникалық сипаттамалар	8
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	8
Қосымша ақпарат	8

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапалы, функционалды және жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Фотокамера бейнелерді тіркеуге және видео жазуға арналған.


Сақтық шаралары

- Құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
- Құрылғыны суға батырмаңыз және су көздеріне тікелей жақын жерде пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны құлаудан, соғылудан, шайқалудан сақтандырыңыз. Дәрекі пайдалану ішкі түйіспелер мен платаларға зиян келтіруі мүмкін.
- Құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген тұлғалардың пайдалануына арналмаған, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа тұлғалар бақылау жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда.
- Құрылғы бүлінбес үшін оны ылғал, шаң, от және төтенше температуралар әсеріне ұшыратпаңыз.
- Құрылғыны қатты жылу көздеріне тікелей жақын жерде сақтамаңыз.
- Аккумуляторлық батареяны зарядтау ересек адамдардың бақылауымен жүргізілуі тиіс.
- Құрылғымен жүргізілетін білікті емес манипуляциялар (түрлендіру, жөндеу және т.б.) құрылғыға және Сіздің денсаулығыңызға зиян келтіруі мүмкін.
- Объективті тазалау үшін тек арнаулы майлықтарды және оптикалық жабдыққа арналған тазалағыш құралдарды пайдаланыңыз. Абразивтерді, сұйықтықтарды немесе химиялық заттарды пайдаланбаңыз.
- Осы құрылғыны құлаудан кейін, сондай-ақ кабельдің немесе құрылғының өзінде көзге көрінетін зақымданулары болған кезде пайдаланбаңыз. Авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғының жұмысында ақаулар анықталған кезде, оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз да авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз.


Құрылғының сұлбасы

1. Дисплей/көрсеткіш тетік.
2. «Қосу/Сөндіру» батырмасы.
3. Жарық индикаторы.
4. «Жоғары қарай» батырмасы.
5. «Солға» батырмасы.
6. «Төмен қарай» батырмасы.
7. «Оңға» батырмасы.
8. Жад картасына арналған ағытпа.
9. USB порт.
10. «Арылту» батырмасы.
11. Объектив.
12. Динамик.
13. Микрофон.
14. «Түсіру» батырмасы.

КӨК / ҚЫЗҒЫЛТ



ЖАСЫЛ



Құрылғымен жұмыс істеу

Қосу/сөндіру

Камераны қосу/сөндіру үшін «Қосу/Сөнд.» батырмасын басып ұстап тұрыңыз.

SD картасын орнату

Аталған құрылғы көлемі 32 Гб дейін MiniSD форматындағы жад карталарын қолдайды. Ішкі жад 1 тестілік фотосуретті сақтау үшін ғана пайдаланылады, камера сөндірілген кезде ол жойылатын болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- SD-картаны орнатқаннан кейін Сіз түсіретін барлық фото мен видеолар оған автоматты түрде сақталатын болады.
- Форматтау қорғалған деректерді қоса алғанда SD-картадан барлық деректерді жояды.
- Форматтау кезінде картаны шығармаңыз. Бұл оған зиян келтіруі және әрі қарай пайдалануға жарамсыз етуі мүмкін.

Фото түсіру

1. Фото түсіру режиміне кіру үшін басты мәзірден тиісті белгішені таңдап, «Түсіру» батырмасын басыңыз.
2. Камераны бір күйіге бекітіп, суретке түсіру үшін «Түсіру» батырмасын басыңыз. Түсірген суретті жад картасына сақтау үшін құрылғыға бірнеше секунд керек.
3. Фотосуреттерді таңдалған ажыратымдылығымен сақтауға арналған жад слоттарының саны камера дисплейінде көрсетіледі. SD-картадағы жад толып кетсе, дисплейде тиісті мәлімдеме пайда болады. Құрылғымен жұмысты жалғастыру үшін бос жад картасын салыңыз немесе қажетсіз фотосуреттерді жойыңыз.
4. Түсіру режимдерін және сүзгілерді ауыстыру үшін «Солға»/«Оңға» батырмасын басыңыз. Түсіру режиміне оралу үшін «Қосу/Сөнд.» батырмасын басыңыз.
5. Басты мәзірге оралу үшін «Қосу/Сөнд.» батырмасын басыңыз.

Видео түсіру

1. Видео түсіру режиміне кіру үшін басты мәзірден тиісті белгішені таңдап, «Түсіру» батырмасын басыңыз.
2. Жазуды бастау үшін «Түсіру» батырмасын басыңыз. Жазуды тоқтату үшін «Түсіру» батырмасын тағы бір рет басыңыз.
3. SD-картадағы жад толып кетсе, дисплейде тиісті мәлімдеме пайда болады. Құрылғымен жұмысты жалғастыру үшін бос жад картасын салыңыз немесе қажетсіз файлдарды жойыңыз.
4. Басты мәзірге оралу үшін «Қосу/Сөнд.» батырмасын басыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: камераның ішкі жад көлемі шектеулі, ол видеороликтерді сақтауға мүмкіндік бермейді, сондықтан камераға SD-карта салынбаса видео түсірілмейді.

Жаңғырту режимі

1. Жаңғырту режиміне кіру үшін басты мәзірден тиісті белгішені таңдап, «Түсіру» батырмасын басыңыз.
2. Жаңғыртқыңыз келетін файлды таңдау үшін «Солға»/«Оңға» батырмаларын басыңыз, таңдауды растау үшін «Түсіру» батырмасын басыңыз.
3. Басты мәзірге оралу үшін «Қосу/Сөнд.» батырмасын басыңыз.

Теңшелімдер

1. Теңшелімдер мәзіріне кіру үшін басты мәзірден тиісті белгішені таңдап, «Түсіру» батырмасын басыңыз.
2. Мәзір тармағын таңдау үшін «Солға»/«Оңға» батырмаларын пайдаланыңыз, таңдауды растау үшін «Түсіру» батырмасын басыңыз.
3. Басты мәзірге оралу үшін «Қосу/Сөнд.» батырмасын басыңыз.

Батареяны зарядтау

Батареяны зарядтау үшін камераны USB кабелі арқылы қуат көзіне қосыңыз.

Теңшелімдерді арылту

Теңшелімдерді инемен (немесе басқа ұзын жіңішке затпен) арылту үшін USB порттың жанында орналасқан батырманы басыңыз.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: Kid's Cam.
- Фото ажыратымдылығы: e3 Мп *
- Видео ажыратымдылығы: 1080P *, 720P *, VGA.
- Дисплей диагоналі: 2".
- Жад карталарын қолдау: MiniSD, көлемі 32 Гб дейін.
- Аккумулятордың сыйымдылығы: 600 мАсағ.
- Шолу бұрышы: 120°.

* Интерполяцияланған.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қояды қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі ауа температурасында және 80 %-тен аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің бұлары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратуға тапсырылуға тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз етіп, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс қолданылмаған жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, дереу авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Айсан Тэкнолоджи Ко., Лтд.

Заңды мекенжайы: 13-ші ғимарат, Чансин өнеркәсіп аймағы, Ваньань тас жолы, Шацзин, Баоань ауд., Шэньчжэнь қ., Қытай.

Қызметті жүзеге асыру мекенжайы: 2-ші қабат, В ғимараты, СиньЮнШэн өнеркәсіп паркі, Чжэньань №7 шығыс тас жолы, Чанъань, Дунгуан қ., Қытай. Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Қазақстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының

КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар Еразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары сапасын жақсарту үшін алдын ала мәлімдеусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Интернеттегі адресі: www.dex.p.club



Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі бойы құрылғының үздіксіз жұмысына, сондай-ақ материалдар мен құрастыруда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі сатып алынған күннен басталады және тек жаңа өнімдерге қатысты қолданылады.

Өнім пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданылып, кепілдік мерзімі ішінде оның істемей қалуы тұтынушы кесірінен болмаса, кепілдік қызметі бойынша ақысыз жөндеу немесе элементтерін ауыстыру ұсынылады. Жөндеу немесе элементтерді ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтары аумағында жүзеге асырылады.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік міндеттемелері және ақысыз қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру өнімді бөлшектеуге байланысты болмаса, өнімге кіретін келесі керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП-на (қашықтан басқару пульті) арналған қуат элементтері (батареялар).
- Жалғастырғыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; түрлі типтегі ақпарат сақтау құралдары, бағдарламалық жасақтама (БЖ) және жинаққа енгізілген драйверлер (өнімнің қатты диск жетегінде алдын ала орнатылған БЖ қосқанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптамалар, сөмкелер, белбеулер, тасымалдау баулары, құрастыру құралдары, құрал-саймандар, өніммен бірге жеткізілетін құжаттар.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығыс материалдары мен бөлшектер.



Келесі жағдайларда өндірушіге кепілдік міндеттемелері жүктелмейді:

- Кепілдік мерзімі аяқталса.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған өнім кәсіпкерлік қызмет мақсатында, сондай-ақ оның тікелей қызметіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, орнату және техникалық қызмет көрсету, қосу ережелерін (сонымен қатар өнімнің өзіне, онымен байланысты өнімдерге де электр желісінің сәйкессіз кернеуіне байланысты туындаған қысқа тұйықталу), өнімді сақтау және тасымалдау жөніндегі ұсыныстарды орындамау нәтижесінде өнім иесінің және/немесе үшінші тұлғалардың ықтимал материалдық, моральдық және басқа зиян шегуіне өндіруші жауап бермейді.
- Механикалық зақымдануына байланысты барлық жағдайлар: өнімді пайдалану кезінде алынған кетіктер, жарықшақтар, деформациялар, соққы іздері, ойықтар, майысулар және т.б.
- Жөндеу жұмыстарын жүргізуге өкілеттілігі жоқ тұлғалар өзге түрлендірулер енгізген, рұқсатсыз жөндеген болса. Егер ақаулық өнімнің құрылымы немесе схемасының өзгертілуі, өндірушімен қамтамасыз етілмеген сыртқы құрылғылардың қосылуы, Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан пайда болса.
- Егер өнім ақаулығы тежеусіз күш әрекеті жағдайларынан (табиғи апаттар, өрттер, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және өндірушінің бақылауынан тыс басқа жағдайлар) немесе өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаған болса. Өнімге бөгде нәрселер, бөтен денелер, заттар, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлардың енуінен, агрессивтік орта, жоғары ылғалдылық, жоғары температура әсерінен туындаған ақаулық, өнімнің толық немесе ішінара бұзылуына әкелген болса.
- Өнімнің сәйкестендірілуі (сериялық нөмірі) жоқ болса, әлде сәйкес келмесе. Егер зақымдалу (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен болса; құпиясөздерді (кодтар) орнату, өзгерту немесе жою салдарынан арылту/қалпына келтіру мүмкіндігі жоғалып, өнімнің бағдарламалық ресурстары қолжетімсіз болса, себебі бұл бағдарламалық жасақтама жеткізушісі тарапынан мұндай қызмет қарастырылмаған.
- Егер жұмыс ақаулары қуат беруші, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигналдық қуаттың стандарттар немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен туындаса, соның ішінде жер бедерінің ерекшеліктері және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторларға байланысты, өнімді желі әрекет аймағынан тыс немесе шекара жерлерде пайдалану салдарынан болса.
- Егер зақымдалу стандарттан тыс (түпнұсқа емес) және/немесе сапасыз (бүлінген) шығыс материалдары, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер, қуаттандыру құралдары, түрлі ақпарат тасымалдағыштары (соның ішінде CD, DVD дискілер, жад карталары, SIM карталары, картридждер) пайдалану салдарынан болса.
- Егер кемшіліктер сәйкес келмейтін мазмұнды (әуендер, графика, бейнелер және басқа файлдар, Java қосымшалары және оған ұқсас бағдарламалар) қабылдау, орнату және пайдалану салдарынан туындаса.
- Осы өніммен бірге жұмыс істейтін басқа жабдықтауға зақым келген болса.



